



Қазақстан Компартиясының  
Орталық Комитеті мен Қазақ  
ССР Министрлер Советінің  
қаулысы бойынша ақын Жұ-  
бан Молдағалиевке «Кісен аш-  
қан» атты кітабы үшін 1970  
жылы Абай атындағы Қазақ  
ССР Мемлекеттік сыйлығы бе-  
рілді.



# ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ

---

## КІСЕН АШҚАН

ӨЛЕНДЕР МЕН ПОЭМА



АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1988


84Каз7—5  
М 66

М 4702230200—112 206—88  
402(05)—88

ISBN 5—605—00206—6

© Алматы «Жазушы», 1969 ж.  
© Алматы «Жазушы», 1988 ж.

# ӨЛЕНДЕР



## ШАБЫТ

Долданды дауыл,  
Теңселді теңіз,  
Дүбірлей қалды дүние шіркін.  
Тұтас бір дәуір  
Минуттай деңіз  
Дуалап алды денені еркін.

Жаңбырдан кейін  
Жаңғырды дала,  
Қызғалдақ қызыл ерінін ашты.  
Арманға бейім  
Жас ару ана  
Бөбекін бетке «Ерім!» деп басты.

Табысты жүрек,  
Айқасты білек,  
Екі жас ғашық құмардан шықты.  
Тауларды іреп,  
Құмдарды күреп,  
Дүмпуіл бір от шындарды жықты.

Атака! Алға!  
Матросов — солдат  
Түтеген оқты тәнімен жапты.

Құдіретті балға  
Соққанда сомдал  
Балқыған темір қалыбын тапты.

Осының бәрі  
Шабыттан туған.  
Рахат, ләззат береді шабыт.  
Өмірдің нәрі,  
Өлім жоқ буған.  
Қүштіге ғана келеді шабыт.

Бергенше мың жыл  
Сұрықсыз өмір,  
Сағатын берсін шабыттың мағаи,  
Жазайын бір жыр,  
Шалқысын көңіл  
Тұрғандай қайта табыттан адам.

### ӨЗІ ЖӘНЕ КӨЗІ ТУРАЛЫ

Түйені білмейтін надандар  
«Түйе» деп сөгіпті кісіні.  
Естіпті бұл сөзді бабам да,  
Өзгеше болғанмен мұсіні.

Әрине, қорланған, арланған,  
Әрине, жұдырық түйіпті.  
Әйтсе де масайрап малданған  
Осы бір мап-маңғаз түлікті.

О бабам, ол жайлы не десем?  
Жоқ, жоқ, жоқ сөккенді сүйемен.  
Сөйтседе, заты мал демесен,  
Тағдырлас жай бар-ау түйемен.

Қырық күн, қырық түн шілдеде  
Түйедей төздің-ау шөлге де.

Баттың-ау кірге де, күлге де,  
Тарықтың тұзға да, көлге де.

Өзіндей көрінді ол маған,  
Күн шеккен шек-шетсіз далада.  
Өз жүгін өзгеге салмаған,  
Өзіндей көмпісті, ақ-адал.

Теңселіп сол түйе түйығың  
Көп ғасыр көшумен сандалған,  
Сенің де өркештей иығың  
Тозды ғой бай, патша, хандардан.

Қөнбейді айдауға, байлауға,  
Бұлқынса, темірді үзеді.  
Жаралған аунауға, жайлауға.  
Білеміз оны біз, тұз елі.

Тұз елі «ботам» деп баланы,  
Жігіттің жайсаңы нар дедік.  
Аруана деп сыйлап ананы,  
Бота көз сұлуды жар дедік.

Мен, құрыш ғасырдың адамы,  
Жолшысы космостың, сырлы Айдың,  
Түйе емес, Байқоңыр алаңын,  
Әрине, шарықтап жырлаймын,

Әрине, ірлік, биіктік  
Нармен де өлшенбес бүгінде.  
Жүрміз біз қанатты, жүйіткіп,  
Жоққа тән түйенің жүгі де.

Ол маған ескінің сарқыны,  
Бабамның мың жылғы мұндасты.  
Соның қос өркеші арқылы  
Көрініп тұрғандай шың басы.

Мәңгілік демеймін өзін мен,  
Берсе де шұбатын, түбітін.  
Ал, бірақ, ботаның көзінен  
Сұлу көз болмайды, жігітім.

Түйе тек кездесер далада,  
Мойыны босаған кездері.  
Оны еске салатын қалада —  
Казактың қызының көздері.

## ТҰЗ ДӘМІ

Дүниедегі ең тәтті тағам,— тұз.  
*Халық даналығынан*

Рас-ау, тұzsыз тағамның  
Болмайды дәмі, татымы.  
Арқауы бұл да адамның,  
Тірліктің нағыз қатығы.

Піспесе тұзға бөбекің,  
Маймақ боп,  
бейбақ өседі,  
Канғанда соған көнегі,  
Шөлейтті түйе кешеді.

Өмірдің жолы кереғар:  
Суықтан кейін ыссы бар.  
Жаңа бар жерде көне бар,  
Аңы бар жерде тұшы бар.

Бірінің күны бірінде,  
Бірісіз бірін білмейсің,  
Бірдей тат соны тірінде,  
Аңысыз тұшы — тұл дейсің.

Махаббат жолы — шұбар шың,  
Шықпасаң қандай баққа сан?

Тәттісін қалай ұғарсын,  
Ашының дәмін татпасаң?

Ақ сор боп тері арқаңын,  
Сықпасаң сөлін миыңын,  
Келеді қайдан дархан күн?  
Кім білген бақыт қынын?

Соғыста оқып шықтым мен  
Тыныштық тәтті екенін.  
Оттың да күшін ұқтым мен,  
Жабысқан сэтте екі ерін.

Айрылу қандай болады?  
Қоштасқан күні білесін.  
Қайрылу қандай болады?  
Достасқан күні білесін.

Келмейді сый да сынақсыз,  
Арзаниң тұзы аз болмақ.  
Өткенде қызыл шұнақ қыс,  
Жазира жарқын жаз болмақ.

Тұз сеуіп қазақ ертеде  
Жараны және емдеді.  
«Қызғансаң, ішің өртене —  
Тұз жала дереу, сен» деді.

Асыл ән, ақын сөзі де  
Азаппен тілге оралған.  
Жер — ана Таксыр өзі де  
Ашыдан тұшы нәр алған,

Өзім де содан жыр басын  
Алғанмын дәні толсын деп.  
Су татып дүние тұрмасын,  
Тұз, бірақ, тұздық болсын тек.

## АТ ДҮБІРІ

Дойыр соғып,  
сойыл соғып,  
көз шығарып, бас жарған  
жай түскендей  
жай түстенбей,  
сөз шығарып, тас жарған  
бабаларым тірілгендей боламын,  
естігенде ат дүбірін,  
қатты бір үн.

Тітірентіп,  
тұтін ертіп,  
есік ашып ескі елес,  
нар құлаған,  
зар жылаған,  
елестеп сол кескілес,  
өліктерге сүрінгендей боламын  
естігенде ат дүбірін,  
қатты бір үн.

Мұнар таулар,  
дығал таулар  
серуендер мен шеруден  
шөгіп қалған,  
бөгіп қалған  
іркес-тіrkес керуен —  
түяқтардың тозандары деп білем  
естігенде ат дүбірін,  
қатты бір үн.

Сан сағалар,  
сай-салалар,  
мұхит,  
теңіз арнасы,

Бұлт жармасқан,  
тұлпар басқан  
оіппаттардың ордасы —  
түяқ қазған қазандар-ау деп білем,  
естігенде ат дүбірін,  
қатты бір үн.

Көк ормандар,  
көп ормандар  
арғымактың жалындай.  
Ақша бұлттар  
қатпар-қатпар  
терге шомған жабудай.  
Қарап тұрып мен осылай сезінем.  
естігенде ат дүбірін,  
қатты бір үн.

Мың-мың жылдар  
миллион сындар  
белін басты жылқының.  
Адаммен бір,  
заманмен бір  
ол көрді өмір жұлқуын.  
Шып-шытырман ой қиялға кезігем,  
естігенде ат дүбірін,  
қатты бір үн.

Ойқай, халық  
Атой салып,  
ер қасына ту қадап,  
— Сүйінші! — деп,  
— Сыйыншы! — деп,  
Октябрьде уралап  
лап қойғаны қалай еске түспейді,  
естігенде ат дүбірін, шатты бір үн!

Откеннің де,  
көктемнің де  
бұл далада саны жоқ.  
Малшының да,  
аңшының да  
аттан бөлек жаны жоқ.  
Бүркітші де ұшып тұрып «құс!» дейді,  
естігенде ат дүбірін,  
тәтті бір үн.

Эйгі жерде  
бәйгелерде  
ат оздырып, қыз қуған,  
желдей зулап,  
селдей шулап  
жарыстарда тұз туған  
ұғасындар тұлпар жайлы жыр сырын,  
естігенде ат дүбірін,  
тәтті бір үн.

«Мал» деп өлген,  
Малмен өрген  
ұлымын ғой даланың.  
Бұл күнде де,  
нұр күнде де  
естігендей боламын  
қазақтардың жүрегінің дүрсілін,  
тыңдағанда ат дүбірін,  
тәтті бір үн.

## АМАНАТ

Мен едәүір сырқат едім,  
Отырғанмын шолып кітапханамды.  
Өкіннің оқыс бір қателік  
Азаматты, артық сүйген баламды.

— Па, маған қала ма бұл?—  
Деп салғаны, неге айтқанын білмеймін.  
Жалт қараппын балама бір;  
О дүниеден естілгендей зілдей үн.

Сезді нендей сағатты ұлым?  
Саулық кеміп, сырқат күндер ұзарды...  
Ұға қалып ағаттығын,  
Қысылғаннан Азаматым қызарды.

Не тұр сәби сөзінде сол?—  
О, жасаған,  
секемшіл бол кетіппін.  
Кейде ақынға сезім де сор —  
Сөгіледі тігісіндей етіктін.

Ұлым үнсіз құшты мені,  
Мойныма ыстық қолы оралды.  
Кенет бір ой қысты мені:  
Өсиетім не, көрінсе ертең көр алды?

Қандай болмак аманатым?  
Қалар, ия, мынау тұрған кітаптар.  
Қалар аз-кем қалам ақым.  
Барым осы, ғафу, үрім-бұтактар.

Жок, жок, ұлым, түкір оған.  
Дүниекоңыз мешандықтан бол аулак.  
Менің мұрам, шүкір, балам,  
Өз қанымдай мойныңда жүр алаулап.

Жалау қызыл галстугің  
Желбірсесе — бар менің де үлесім.  
Солар үшін алысты кім?—  
Октябрят, оны да сен білесің.

Мен поэзия тамшысымын,  
Теңізі оның мендейлерден жарапған.  
Сол тамшының тапшы сырны  
«Кітап» атты мынау байтақ аралдан.

Мен аманат етем саған  
Жарқын өмірбаянымды, бал тәттім.  
Соның өзі-ақ жетер саған —  
Ол — тағдыры коммунистің, солдаттың.

Корға біздің азат күнді,  
Ал жауынгер қаруымды, балдырған,  
Ол қаруым — қазақ тілі,  
Байлық та сол ата-бабам қалдырған.

Осы менің аманатым,  
Сенің оқыс бір сөзіңен сыр жайдым.  
Бара ғой, бар, Азаматым,  
Мен ойлайын өлім емес, жыр жайын.

### ТЕК ҚАНА ТУҒАН ЖЕРДЕН АЙЫРМАСЫН

Бұл тағдыр бабын алсын, бағын алсын,  
Тілесе тіпті тіл мен жағын алсын,  
Тек қана туған жерден айырмасын,  
Тұл қалған тіршілікті жалын алсын.

Мейлі: бір аяз төңсін қасқа шұнак,  
Кажетсіз басқа пана, басқа шуак.  
Өткенмен жол-сапарда жарты ғұмыр,  
Киын-ау шекарада қоштасу-ақ

Теңіз кез не шарықта өр аспанда,  
Өзіңің босағаңнан төр асқан ба?  
Үйіңің сыртқы есігі сарт еткендей,  
Паспортқа «жол болсын» деп мөр басқанда.

Мәңгілік айрылғандай жыр көзінен,  
Жаутаңдап жан-жағына нұр көзіңмен,  
Осынау туған жердің бір кесегін  
Келеді ала кеткің бірге өзіңмен...

Шат жанаң, шадыман көңіл қайта келдің:  
Өзгеше жарқырайды ай, таңы елдің.  
Түсесің самолеттен не поездан  
Бір өзің қожасындай байтақ елдің.

Теңіз кез не шарықта өр аспанда,  
Өзіңің босағаңнан төр асқан ба?  
Еліңің барша есігі ашылғандай  
Паспортқа «Қош келдің» деп мөр басқанда!

Жер-көкте шөкім бұлт жок, жел ыққандай,  
Еркіндік — елің қандай, елдік қандай!  
Шіреніп көслесің, керілесің,  
Жер басып тұрғаныңды енді ұққандай.

Оралып сақ-сақ күлкің, баяғы үнің,  
Тірліктің қызықтайсың бай ағынын.  
Тек кейін білінеді шаршағаның.  
Жүргендей ұшымен кіл аяғының.

Бұл тағдыр бабын алсын, бағын алсын,  
Тілесе тіпті тіл мен жағын алсын,  
Тек қана туған жерден айырмасын,  
Әйтпесе кімге еркелеп, шағынасың?

## ОРМАНҒА ГИМН АРНАЙМЫН

Даланың қаңбақ қуған баласымын,  
Білемін өз жанымдай дала сырны.  
Оқуға қалаға алғаш келгенімде  
Торғайдай торға түскен алас ұрдым.

Сағынты жапан түзім жап-жалаңаш,  
Жарбиған қыстаулары жаннан оғаш.  
Қазақтың қамшыға ілген тымағындай  
Сайкұдық басындағы жалғыз ағаш.

Мен онда не сезіппін ол ағаштан?  
Шыбығын садақ үшін ала қашқам.  
Оралда Хан тоғайын көрдім сосын,  
Сұлудай сиқыр сырын балаға ашқан.

Ол түрді қоңырайып құздай асқақ,  
Бір жұмбақ салқын жүзбен мұздай жасқаң.  
Жатырқап, өгейсініп жүрдім аулак,  
Кездесісоқ апарғанша қыздар бастап.

Сауығы, самал,  
сая жапырағы  
Саумалын жас көңілдің сапырады.  
Оралдым өзге әлемді көргендей бол,  
Сол сурет көз алдында жатыр әлі.

Сол сол-ак, жасыл бақша арман болды,  
Армандаған Шолпан болды, Сарман болды.  
Соғыста сүйікті осы достарымша  
Ажалдан алғып қалған орман болды.

Мен көрдім не бір бау-бак сұлағанын,  
Мен көрдім кәрі еменнің құлағанын.  
Мен көрдім көк орманның күрсінгенін,  
Мен көрдім ақ қайыңның жылағанын.

Жас терек, өртегендей зығыр-қайры,  
Тістенген жауынгерше, сықырлайды.  
Аһ ұрып, булығады, тенселеді,  
Тамыры үзілгенше тұқырмайды.

Мен қанша қарағайға аң-таң қалдым,  
Қөргенде жарасынан қан тамғанын.  
Бар шығар, бәлки бүгін жабайы бал  
Сондағы тыртығында сан таңбаның.

Ағаштың ұқтым сонда парасатын,  
Жасау сол далаға да жарасатын.  
Әр талды түзде туған тамашалап,  
Тебіренем орман болып қараса түн.

Даланың қаңбақ қуған баласымын,  
Білемін өз жанымдай дала сырын.  
Қөксеймін туған жердің көгергенін,  
Дүниеде сол болғаң соң жанаширым.

## ҚАРЫЗ ДЕП ҚАБЫЛДАЙМЫН

Көкшетау облысы, Чкалов ауда-  
нының Алабота сайлау округінің  
сайлаушыларына.

— Халқымыздың қалаулысы...  
— Ақынның бір алаулысы...  
Айтты-ау соны сайлаушылар —  
Мынау кісі, анау кісі.

Орыс, қазақ, неміс, поляк...  
Қандай шешен кеміс қалмақ?  
Ала қалса,  
тегіс алмақ,  
Салмақ салса, тегіс салмақ.

Маған баға беріп жатты,  
Өткенімді өріп жатты.  
Өнегемді теріп жатты,  
Өнерімді көріп жатты.

Тірі Абай қауысқандай.  
(Бұдан аяр дауыс қандай! )  
Мен біреумен ауысқандай,  
Састьм сонда сауысқандай.

Мен әкесіз, жетім өстім,  
Жок, дей алман кетік өстім.  
Түкірген жоқ бетіме ешкім.  
Нысанаға жетіп өстім.

Көз алдында жатыр елес.  
Қызыл тұман, жалтыр белес.  
Жүрді от кешіп жас коммунист  
Корқақ емес, батыр емес!

Солдат болым қатардағы,  
Мен поэзия атарманы.  
Бас қолбасшы бүйрығында,  
Әрине, атым аталмады.

Өтті майдан. Еңбек келді,  
«Бер!» деп келді, «Жен» деп келді.  
Тұн қатты ақын, еңбектенді,  
Селдеткелі, сендеткелі.

Кейде қалам «от алмады»,  
Азаптанды атарманы.  
Жыр толғамай жата алмады.  
Қанат қақты от арманы.

«Саған, халқым,— дарын!— деді.—  
Сөлім, деді, балым,— деді.—

Сенің арың — арым», — деді.  
Сарқа берді, барын берді.

Аянған жок, тартынған жок,  
Тулаған жок, тарпынған жок.  
Ауган емес артылған жұқ,  
Ерген емес артынан жіп...

Осы өмір баяным да,  
Осы сөзіме аяны да.  
Осы алдыма жаярым да,  
Жоқ жүртүмнан аярым да.

«Халқымыздың қалаулысы,  
Ақынның бір алаулысы...»  
Деп бүйім сап қарыз берді-ау  
Мынау кісі, анау кісі.

Өшер елдің перзенттері  
Бірін-бірі қатынам дер.  
Өсер елдің перзенттері  
Бірін-бірі батырым дер.

Өскен елміз, өсер елміз,  
Қәркем елміз, көсем елміз.  
О батырым! — десер елміз,  
Көгерген ел көсегеміз.

Біреулерден алымдымын.  
Біреулерден жалындымын.  
Біреулерден салымдымын,  
Біреулерден дарындымын.

Каламдастар көспінбесін,  
Күндестер көп тепсінбесін.  
Жалын күшін төксін десін,  
Жанын жырға жексін десін.

Ойламасын сый терді деп,  
Өйтер ме деп, бүйтер ме деп.  
Мен емеспін төрге шабар,  
Досын кейін итермелеп.

Мен төсімді тіпті ұрмаймын,  
Мен кезексіз ұмтылмаймын,  
Мен қасық бол тік тұрмаймын,  
Мен ешкімді бұқтырмаймын.

Арман емес «тақтар» маған,  
Ақын артық бақ дарыған!  
Мен солардың аттарынан  
Қызмет етем, актарылам.

Депутатпын!— дабылдаймын.  
Қалай енді сабылмаймын?  
Ел сенімін, ел мактауын  
Қарыз деп тек қабылдаймын.

Қабылдаймын ұлы міндет,  
О қалайық, құлыңмын деп,  
О партиям, ұлыңмын деп —  
Ұлы міндет, ұлы міндет.

## ҚҰДЫҚ ҚИССАЛАРЫ

### I

Астауы өзен сияқты,  
Құм құдық, бетон құрсанған.  
Өргізіп мың сан түяқты,  
Мың санын жомарт қарсы алған,

Деміне темір піскендей  
Жел емес, жалын еседі.

Балбырап жерге түскендей,  
Балқыған күннің кесегі.

Дененде қалар сортандай,  
Ашы тер соған қарылып.  
Астау тұр, бірақ ортаймай,  
Су күткен мал жоқ сарылып,

Қойши да қырдың шын ұлы,  
Колаға ұқсас түс-түрі.  
Аузында ұзын шылымы.  
Колында транзисторы.

Сырт көзге бейқам бозбала,  
Жоқтай-ақ қойда саудасы.  
«Суардым» десе — сөз ғана,  
Ол емес, мотор — қауғашы.

## II

Қалың қол суға қанғанда  
Өріске бастар ор теке.  
Құлазып құдық қалғанда  
Келеді дәйім қарт әке.

Орнығып алып ақырын  
Астауға қолын салады.  
Күмістей көсіп сапырып,  
Сүмен бір ойнап алады.

Содан соң жеңін сыйбанып,  
Сапар шал бетін шаяды,  
Асықпай, маңғаз сыланып,  
Саяға төсін жаяды.

Тынғанда мотор бір ауық,  
Еңкейер барып құдыққа,

Өткенге ойы жер ауып,  
Тулайды дауыл тұнықта.

Ол ойлар қат-қат түйіндей,  
Ұйысқан өрмек, мол дүрмек.  
Су емес, құдық түбінде  
Жатқандай көздер мөлдіреп...

### III

Жас жігіт Сапар жаз бойы  
Жұз құдық қазды жұз жерден.  
Сазы көп, суы аз болды,  
Сор шықты құмнан, тұз жерден.

Жатаққа құдай Жабас бай  
 Тағы да, тағы қаздырды.  
 Құдіретпен құлқы жараспай,  
 Жазғырды Құлды<sup>1</sup>, азғырды.

Жұз де бір құдық түбіне  
 Жолдасы тұсті Сапардың.  
 Қөзі алдынан бүгін де  
 Кетпейді сол бір қатал күн.

Тұсті де қайтып шықпады,  
 Тірідей көмді құм құдық.  
 Тік тұрып өлді, бұқпады...  
 Жас жары қалды шыңғырын.

Қолында топас белкүрек,  
 Сол жігіт күні-түнімен  
 Қап-қара көзі мөлдіреп,  
 Карайды құдық түбінен...

---

<sup>1</sup> Құл — ру аты.